

Қабден ҚҰНАНБАЙ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШАШ ҚОЮ ДӘСТҮРІНІҢ ФЫЛЫМИ НЕГІЗІ

Волосы являются природной защитой организма человека от внешних воздействий. В данной статье описываются анатомочно-биологические основы традиции казахского народа как туулым, челка, айдар и отращивание длинных волос у женщин.

Saç insan vüciydunu dış faktörlerden koruyor. Yazan Kazak halkının "tulum", "kekil", "uidar" kadınları uzus saçlı olmasıın anatomič biyolojik gerekçesini değerlendirdi.

Байырғы этнографиялық немесе этномәдени ұғымдар жүйесі – этностың дәстүрлі дүниетанымының логикасы, тіпті ойлау мәдениетінің төлтума ерекшелігінің ең мәнді көрсеткіші. Ол - ғасырлар бойы табиғи құбылыстарды, қогамдағы сан алуан үрдістерді, түрленістерді, түзілістерді және адами болмыс атаулыны жіті бақылаудан, зерделеуден туындалап, әлеуметтік-тарихи іс-әрекеттің үрдіс іірімдерінде шындалып, этникалық санада орныққан логикалық түзіліс болып табылады. Демек, үлкен методологиялық мәдениеттің қажет ететін этностың (қазақтың) дәстүрлі этнографиялық категориялар, атаулар мен ұғымдар жүйесін жасау күні бүтінге дейін өзінің күпиясын аша қоймаған халықтың байырғы менталитетін, төлтума психологиясын, ежелгі нағым-сенімдер жүйесін, яғни дәстүрлі дүниетанымын зерделеуге жан-жақты мүмкіндік ашады деген сөз.

Қазакы ортадағы ырым-тыйымдар жүйесі мен жора, ғұрыппар көшілелердің жалпы адамзаттық әмбебаптық таныммен, мифологиялық дүниетанымынан одағай тұрған құбылыс емес десек те өзіндік бет-бейнесі, дараланатын сипаты бар. Тіршілік цикліне, рухани мәдениет, шаруашылық қарекетіне қатысты мұндай жора, ғұрып, ырым-тыйымдардың ішкі құрылымдық принциптері мен атқарылу тәсілдері әр түрлі болғанымен түпкі мақсаттары бір. Ол тарихи кеңістік пе уақыттың қатаң сұрыпталуынан өткен дәстүрлі қогамдық қатынастардың, экологиялық мәдениеттің, моральдық этикалық қадір-қасиеттердің ілкімді принциптерін қожыраудан, азып-тозудан сақтау ісіне этностың әлеуметтік энергиясын, ерік-жігерін, күш-қайратын жұмылдыру болып табылады (Нұрсан Әлімбай).

Кейбір деректерге сүйенсек, қазақтың үш жүзінің өзіне тән шаш қою үлгісі болғанын XV ғасырда әмір сүрген ғұлама ғалым, жиһангез *Өтейбайдық Тілеуқабылұлы* өзінің «Шипагерлік баян» атты еңбегінде «Ұлы жүздің шашты алдырып тастайтынын, орта жүздің айдар, кіші жүздің тұлым қоятынын» атап өтеді [1]. Ерлерге тән бұл салттың анық парқын білмесек те, үш мың жылдық тарихы бар қазақ халқы дәстүрінің әрбір элементін қарап отырсақ, оның шығу тарихы, заманына лайық мағынасы барын байыптаймыз. Қылыштың өмір жолында ескі мен жаңаңың алмасуынан бүтінге жеткен ата дәстүріміздің маңызын ұтыну - қазіргі ұрпаққа шарапатты, киелі, қасиетті

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

ұғым. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап ата-баба қалыптастырған жөнжоралғы, салт-дәстүрді шешеден үйренуі парыз.

Қаракөз қазақ қыздарының ұлттық болмысында шаш өсіру жақсылықтың нышаны болған. Тал шыбықтай тарақталып өрілген шаш тән мен жан сұлулығының, сезімтал, сергектіктің белгісі болып табылады. Біздің халқымыздың ұғымында, эстетикалық түйсінінде қолаң, сүмбіл шаш деген сөздер шаштың сипатты ғана емес ару, сұлу қыз деген мәнде қолданылуының өзінен-ақ көп нәрсе аңғарылса керек.

Айта кететін тағы бір нәрсе халқымында жаңа түскен келіншек басына жаулық салып немесе ақ орамал тартып жүру, ұлкендерге шашын көрсетуді ұят санау салты бар. Оның да шыну төркіні тереңде жатыр. Бұл шашты әспеттеу ғана емес, сұлулықпен, әдемілікті тасада ұстау ұлкендерден именіп, жасыруға байланысты екенин бүтінде қалың жұрттың көбі біле бермейді. Қай заманда да шаш күту-бас күту әсемдікке талпыныс ретінде тәрбиелік, әдептілік белгісі болып қала беретіні даусыз. Тегінде атам қазақ әдемілікке, сұлулыққа жаңы құмар халық болған. Оларға адам мен табиғат арасындағы тепе-тендік құбылысы қатты әсер еткен. Солардың арасында әсіресе қыздардың сұлулығы мен әдемілігі ерекше дәріптелген.

Сонау 70-жылдары қыздар шаштарын кия бастаған кезде, кемпірлер: «не пәле мынау, шашын қиганы» дейтін. Шаш қиган әйел елдің көзіне түсіп, жаман атқа ілініп, әңгімеге ұшыраған. Бүтінде қысқа шашты әйелге елдің көзі үйреніп кетті. Өз заманында шаш әйелдің әлеуметтік топтағы орнын көрсеткен. Бір бұрым ғып қыз баланың, екі бұрым ғып күйеуге тиғен қыздың шашын өрген. Апаларымыздың картайса да сиреп кеткен шашын жіпжіңішке, екі бұрым етіп өріп қоятыны бар емес пе?! Егер логикаға салсаң, кемпірлерді екі өріміне қарап, «не үшін олай жасайды, бір өрім етсе болмай ма?» дейсің. Сол кемпірлер дәстүрді бұзбайды. Ол оның тұрмысқа шыққандығын, балалы-шагалы ана, немерелі әже болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар шашқа салынатын шашбаудағы ою-өрнектің де өз рөлі болған. Алтын шашбау тағу – хандар мен төре тұқымына, алтынға күміс салу – ол төреден төменге, ал алтыннан аздаң, негізінен, күмістен салу – ол байлар мен бектерге тән. Ал құндер шашын орап түйіп, орамалмен байлаپ, шашын сыртқа шашау шығармаған. Сол шашқа қарап, кез келген адам қыз балаға «Мұның қүйеуі бар қыз, онымен қалжындақсан ұят болады, ал мынау – басы бос қыз екен, қалжындарап, сөз айтуга болады, ал мынау – төрениң қызы екен, оған тіке қарап, бірдене деудің өзі ұят» деп, оларға сөйлеудің жөнін білген. Бұл жағынан бізде қазір бәрі теңесті.

Сонымен, шашқа қатысты «шашты жерге көмуге немесе оны ағаш қуысына тығуға болмайды», себебі оны құстар іліп кетіп, ұя салуы мүмкін. Мұндай жағдайда адамның басы ауырады. Сол сияқты «шашты өртеуге болмайды» – олай етсең арақтардың мұрнына қуйік иісі барады. Сондай-ақ отбасында бала тұрмаса, жаңа тұган бөпені қырқынан шығарғанда қарын шашын қалдыру сықылды тағы басқа қазақтың ырымы мен тыйымы да аз

Қ.Күнанбай. Қазақ халқының шаш қою дәстүрінің...

емес. Жалпы, мұсылмандық шаригатқа сүйенсек, онда мұсылман ер мен әйелдің шашының ұзын-қысқалығы жөнінде көп айтпайды. Ең бастысы, оның тазалығына аса мән берілген.

Таза шаштың қуаты да көп болады екен. Жалпы «шаш қуаты» ғылыми түргыдан дәлелденген, қуат - қытайша «*ци*», үнді түсінігінде «*прана*», тибетше «*хий*» деп аталады екен. Біз осы табиғат берген қорғаныс және «*куат көзін*» қалай пайдаланып жүрміз. Ерлер қуатты аспан әлемінен, ал әйелдер жерден алады екен. Демек әйелдердің шашының ұзын болуы қуаты мол, басқаша айтсақ осіп-өнуі (*ұрпагы көп*) болады екен [10].

Алайда әйелдің **шашы төмен қарай** ұзын болып есептіндіктен, ол энергияны жерден алады. Яғни жер бетіндегі барлық лас нәрсе оның шашына жабысады. Соңдықтан әйелдер өсек-аяңға, өкпе-ренішке жақын. Ал ер адамдардың шашы қысқа, *тік* өсептіндіктен, олар қуатты (энергияны) кектен алады, олардың байсалды, шыдамды болу қасиеті осыдан болуы мүмкін [9]. Бұл – шаштың ақпарат қабылдау мүмкіндігі бар деген ғылыми дәлелден тұған пікір. Жалпы, мұсылман әйелдері жыл сайын бірнеше мәрте ұзын шашының ұшынан төрт елі қызып отырған. Балиғат жасына толмаган 9-13 жасқа дейінгі қыздар шашын көрсетіп, басына үкілі тақия, кәмшат бөрік киіп жүре берген. Келіншектер кимешек, әжелер шылауыш киген. Енді ежелден келе жатқан тұлым, кекіл, айдар жайында шоқтығы биік, ауызы дуалы ақындарымыз айтқан уәждерге зер салсақ:

Тұлым - «Сөрсеке көңілге солай екен дұрыс та ғой, лякинде шаригатта балаға *тұлым* қою дұрыс емес» (М.Дулатов). Баланың (ұл, қызды) кішкентай кезінде шашын өсірмей шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны *тұлым* деп атайды. *Тұлым* көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты ғұрып.

Кекіл - «Қарағым, айналайын, кекілдім-ай, Көгілдірі аққудың секілдім-ай» (Халық өлеңі). Жас балалардың шашын тегіс ұстарамен алыш тастайды да мандаійна бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қызып қояды. Оны *кекіл* дейді. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді. Кекіл жылқыда да болады. «Кекілін кескен кер атым-ай, Титтейден өскен бекзатым-ай» (Халық өлеңі) [12].

Айдар - ұл балалардың дәл төбесінде шаш қалдырып жан-жағын ұстарамен қызып қояды. Айдарды ұзын өсіретіні соншалық бір бұрым болдырып өріп ұшына қайып қояды. Бұл дәстүр түркі текстес тува, хақастарға кең тараған. Біз осы қазақтың шаш қою салтының анатомиялық, физиологиялық түргыдан түсінік беруде осы салт-дәстүрдің ғылыми негізі бар ма деген сауалға қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Шаш жайын қазіргі медицина бойынша қысқаша түсіндіре кетсек:

Шаш-түктер. Бұлар да эпидермис қабатының туындысы болып есептелінеді. Шаш ұрық дамығанда тырнақпен бір мезгілде дами бастайды. Алғашқыда алақан, табан, ерін жиектерінен басқа дененің барлық бөлігіне шаш-түктер пайда болады. Бірінші пайда болған түктер (шаш) өте жіңішке,

жүн текті жұмсақ болады. Кейіннен олар тұрақтанып, екінші реттік жуан шаштарға алмасады. Бұған: денедегі, бастағы, қастағы және кірпіктегі түктерді жатқызуға болады. Кәмелетке жеткен уақытта жыныс мүше бездерінің жетілуіне байланысты үшінші реттік қылышықты түктер сақалмұрттар, қолтық асты қылышығы, жыныс мүше аймағындағы шат қылышығы, мұрын қылышығы және құлақтың кіреберіс тесіктерінде түктер пайда болады. Шаштың тері қабатындағы бөлігін, оның түбі, ал теріден шығып тұрган бөлігін қылтаны деп атайды Шаштың түп бөлігі қигаш орналасады. Оның ең тереңдегі, түп ұшы буылтық болып, ол шаш емізігіне киіліп жатады. Шаш осы буылтық бөлігінен есіп шығады. Егер шаш буылтығының жасушаларында зат алмасуы бұзылса, жаңа жасуша пайда болмай, шаш буылтығы мүйізденіп, құмған тәрізденіп қатаяды. Шаштың түбі емізігінен ажырайды. Шаш өліп, түбінен үзіліп, түсіп қалады. Жаңа шаш басқа емізігінен есіп жетіліп отырады. Шаштың түбін тері эпителий және дәнекер ұшасынан түзілген шаш қалташасы қаптап жатады. Осы шаш қалташасынын сыртқы қабатына шашты тік тұрғызатын бұлшықеттері жиырылғанда шаш тік көтеріледі. Шаш қылтанының құрылсымы мынандай оның ортаңғы өзегі – жұмсақ заттан-кутикуладан түзіледі. Шаштың көп бөлігі қатты заттан түзіліп, онда бояу орналасады. Осы бояудың түсіне қарай шаш ақшылсарыдан, шымқай қара (қап-қара) түске дейінгі аралықта өзгереді. Дені сау адамның шаш-түктері үздіксіз есіп отырады. Бірақ олардың тіршілігі әр түрлі ұзақтықта болады. Мысалы, бастағы шаш 2-4 жыл өсі алады, ал кейін ескі шаш өліп, жаңа шаш алмасып отырады. Кірпіктегі 4-5 айда алмасады. Шаштың 4 аптадағы өсу ұзындығы бір сантиметрге дейін өседі [2].

Біз бассүйектің тек ғана шаш орналасатын бөлшегін қысқаша таныстырсақ:

Бассүйек. Бұл - бастағы көптеген мүшелер мен миды қорғайтын, 23 сүйектен құралған өте күрделі сүйек. Ол атқаратын қызметіне қарай екі бөліктен тұрады: мисауыты және бет сүйектері. Мисауыты қуыс болады және сол құыста ми орналасады, ал бет бөлігінде тыныс, ас қорыту жүйелері мен сезім мүшелері орналасады [2].

Мисауытының сүйектері. Бұл шүйде сүйек (жұп), маңдай сүйек, сына тәрізді сүйек, самай сүйек (жұп) және тор тәрізді сүйектерден құралады.

Шүйде сүйегі. Бұл ми сауытының тәменгі және артқы бөлігін құрайтын тақ сүйек. Шүйде сүйектің сыртқы беті дөңес, ал ішкі жағы ойыс болады.

Ол екі бүйір, негіз және қабыршақтан - төрт бөліктен құралады, осы төрт бөлік үлкен шүйде ұңғылы тесігін қоршап жатады, мұны қаралғы деп атайды. Бұл бөлік шүйденің үлкен тесігінің алдыңғы жағында орналасады, 18-20 жас шамасында сынан тәрізді сүйектің денесіне қосылып,

Құнанбай. Қазақ халқының шаш қою дәстүрінің...

бітісіп кетеді. Негізгі бөліктің ішкі беті науа тәрізді ойыс болғандықтан, сына тәрізді сүйекпен бірігіп, беткей немесе ылди түзеді.

Төбе сүйек. Бұл - ми сауытының төбесі мен екі бүйірін құрауға қатысадын жұп сүйек. Оның сырты дөңес, іші ойыс, пішіні төрт бұрышты болып келеді. Осыған орай оның төрт бұрышы, сыртқы және ішкі беттері бар Төбе сүйектің алдыңғы жағы маңдай жиегі деп аталады. Бұл жиек маңдай сүйегіне қосылады. Төбе сүйектің артқы жағында болатын шүйде жиегі шүйде сүйегімен шектесіп, жоғарғы жағындағы сагитальды жиегі екінші төбе сүйектің аттас жиегіне жалғасады. Төменгі қабыршақты жиекке сүйектің қабыршақты белігі қаттасады. Тебе сүйектің төрт бұрышы шектескен көрші сүйектердің атауларымен аталады. Оның алдыңғы жоғары орналасқан бұрышы – маңдай бұрышы, алдыңғы төменірек орналасқаны – сына бұрышы, артқы жоғарырақ орналасқаны - шүйде бұрышы, ал артқы төменірек орналасқаны - емізік бұрышы самай сүйектің емізік өсіндісімен байланысады

Маңдай сүйек. Ми сауытының алдыңғы бөлігіндегі төбе және сына тәрізді сүйектермен шектесетін тақ сүйек маңдай сүйек болып табылады. Ол қабыршақ, мұрын және екі кез шарасының бөлімдерінен құралады

Бассүйек және бастағы сүйектердің орналасу тәртібі. Бассүйек қаңқасын тұтас алып қарағанда оның төменгі, астыңғы жағы-негіз немесе түбі, ал үстіңгі жағы ми қақпағы немесе ми күмбезі деп аталады. Ми күмбезі маңдай сүйегімен, екі төбе сүйекпен, шүйде сүйекпен қоршалып жатады. Бастағы қаңқа сүйектері мыналар: артқы жағында шүйде сүйек, алдыңғы жағында маңдай сүйек пен тор сүйек, ортада сына тәрізді сүйек, ал сына тәрізді сүйек пен шүйде сүйектердің арасында екі жағынан екі самай сүйегі орналасады. Осы сегіз сүйектен ми сауытының қуысы түзіледі. Ми күмбезінің маңдай алды - шүйде, екі бүйірі - тәбе тәмнегі, ең біргі тәбе деп аталады. Бастағы сүйектер жіктесе бірігіп, көптеген сайлар, жұлпелер, қуыстар мен тесіктер түзеді. Бас қаңқасын тұтас қарағанда сүйектердің орналасуы әр қылыш болады. Бас сүйекті үстінен, яғни төбесінен қарасаң - күмбезін астынан қарасаң - түбі, алдыңғы жағынан қарасаң - бет бөлігін, арт жағынан қарасаң - шүйдесін, екі қапталынан қарасаң шұңқырлар мен тесіктерді көруге болады. Мисауытының күмбезінен екі төбе сүйегі біріккен жерден жебе жікті, маңдай жазығында жебе жікке тік жатқан төбе мен маңдай сүйектерін біріктіретін тәжік жігін шүйде мен төбе сүйектерін біріктіретін ламбада жігін күмбездің екі қапталынан самай, төбе және маңдай сүйектеріне тістестіріп біріктіретін жікті көре аламыз. Біздіңше, мұнда қазақтың шаш қою ғылыми негізі осы жікке байланысты, яғни осыған қарап шаш қойған деуге болады. Осы заңдылықты бассүйектің сүйектер байланысының топтасу заңдылығына сүйене отырып түсіндіруді жөн көрдік [2].

Мисауыты сүйектерінің қозғалыссыз байланысы
(Жандар Керімбектің Ермакханы бойынша)

Ми сауытының белімдері	Түрлері	Атаулары
Ми сауытының төбе жағындағы сүйектер	Сүйекті (синдесмолды)	1. Тісті жік А. Таж жігі Б. Сагитальды жік В. Ламбдо тәрізді 2. Қабыршақты жік
Бет белімінің сүйектері	Бұл да сондай	Жазық жік
Тістердің жақсүйек ұялары	Бұл да сондай	Қазық жік
Мисауыты түбінің (негізіндегі) сүйектер	Шеміршекті (синхондрозды) уақытша сүйекке алмасқан болады	1. Сына-шүйде 2. Сына құлақ құрышы 3. Сына құлақ құрышышүйде 4. Сына-тор сүйек

Бас сүйектерінің дамуы


Ұрық дамыған кезеңде жүйке, хорда және ішек түтіктері пайда болады. Осыдан кейін жүйке түтігінің алдыңғы белігінің жуандыуына байланысты бас сүйектері пайда болады. Бас сүйектері жарғақты, шеміршекті және сүйектену кезеңдерінен қалыңқы қалыптасады.

Ми сауытын құрайтын шеміршектер ұрықтың екі айлық даму кезеңінен сүйектене бастайды да шеміршек ұшалары сүйек ұшаларына алмасады. Ал ми сауытының күмбезі жарғақтану және сүйектену кезеңінен өтеді. Есту мүшесі түзіле бастайды да біртіндеп бет сүйектері қалыптаса түседі. Ми сауыты мен беттегі сүйектердің барлығы жарғақты және сүйекті кезеңдерден өтеді. Жаңа туған баланың бет белігіне қарағанда ми сауыты б есө үлкен болады. Жаңа туған баланың ми сауытының сүйектері толық сүйекке айналмай, дәнекер ұлпалары жарғақ күйінде болатындықтан, былқылдан тұрады, оны еңбек деп атайды. Бас сүйектерінің бірімен-бірі жалғасатын жерінде алты еңбек жарғағының бары байқалады. Олар әр түрлі мерзімде сүйекке айналады. Еңбек жарғағының пішіні мен көлемі әр түрлі Осылардың ішінде төбе мен мандай арасында орналасқан алдыңғы еңбек жарғағы үлкені. Оны мандай еңбегі деп те атайды. Мандай еңбегі тек екі жастан кейін ғана сүйектенеді. Шүйде мен төбе сүйегі арасында артқы еңбек түзіледі, оның пішіні үшбұрышты. Оны шүйде еңбегі деп те атайды. Төбе сүйегінің сына өсіндісі мен мандай және самайдың қабыршақты белігінің арасында жұптасқан алдыңғы бүйір еңбегі жатады. Оны сыналық еңбек деп атайды. Ол бала туғанинан кейін 2–3 айда сүйектенеді. Төбе, самай және шүйде сүйектерінің қабыршағы арасында жұптасқан, белгілі пішіні болмайтын артқы және бүйір еңбек болады. Оны емізік еңбек деп атайды.

ҚҚұнанбай. Қазақ қалқының шаш қою дәстүрінің...

Бұл да бала туганнан кейін 2–3 айда сүйектенеді. Бас қаңқасы сүйектерінің, өсіреле күмбез сүйектерінің бала туганға дейін толық сүйектеніп бітпеуінің биологиялық тұрғыдан екі түрлі себебі бар: біріншіден, босану кезінде жамбас қуысы мен босану жолынан бала шығарда күмбез сүйектерінің біріне-біріне айқасып кіргігі арқылы баланың бас көлемін кішірейтіп, босанды жеңілдетеді. Екіншіден, бас пішіні жалпы дұрыс қалыптасатын болғандықтан, ми жақсы дами алады. Бастағы сүйектер бала бір жасқа келгенге дейін-ақ үш есеге дейін қалындаиды, дыбыс жолдары ашылып, 2–3 жасқа келгенде самай сүйегінің құлақ болігі сүйектене бастайды. 3–7 жас аралығында бастағы сына төрізді, шүйде сүйектер дамиды. Жалпы бастағы сүйектер 3–4, 6–8, 11–15 жас аралығында жедел дамитыны байқалады. Бастағы сүйектердің толық сүйектенуі 16–20 жаста аяқталып, 30 жасқа толғаннан кейін ми сауытының жігі сүйекке айналады, яғни бастың бұдан байлай үлкейіп өсуі тоқталады.

Бастағы сүйектердің дамуы тоқтаған кезде адамда жыныстық өзгерістер болатыны байқалады. Әйелдердің ми сауытының сыйымдылығы – 1300–1400 см³, ал еркектерде 1500–1450 см³



1-сурет Нәрестенің бас қаңқасындағы еңбектері:

1 - тәбе сүйегі; 2 - желке (артқы) еңбек ; 3 - лямбда жігі; 4- шүйде сүйегі; 5 - емізік еңбекі; 6 - қабыршақ жігі; 7 - дабыл сақинасы; 8 - сына еңбекі; 9 - сынаның үлкен қанаты; 10 - маңдай сүйегі; 11 - алдыңғы (маңдай) еңбекі; 12 - сагиталды жік.

Бас қаңқасындағы сүйектердің байланысы


Бас қаңқасындағы сүйектер қозғалыссыз жіктесіп, сүйекаралық қабыршақ (еңбек) арқылы байланысады. Ми сауытының

самайдағы қабыршақтан басқа сүйектерінің барлығы дерлігі тісті жіктеседі ал самайдағы қабыршақты жіктесу қатты байланысады. Бет сүйектердің көпшілігі бір-бірімен түйісіп-үйлесіп жалғасады. Сондықтан ондай жіктер түйсетін екі сүйектің атымен аталады. Мысалы: **сына мандай жігі, сына-самай жігі т.б.**

Ми сауытынын түбін құрайтын сүйектердің байланысы шеміршек арқылы (синхондрозды) жүзеге асады. Самай сүйегінің тастай бөлік пен тор сүйек аралығында сына тастай бөлікті *тапшықты шеміршек* деп атауға болады. Жас кезінде адамда сына тәрізді сүйектің денесі мен шүйде сүйектің және шүйде сүйектің төрт бөлігі арасында шеміршекті байланысу кездеседі.

Ми сауыты қозғалыс, тірек және қорғаныс кызметін атқаратындықтан, оның түбіндегі сүйектер аралығында шеміршек қалдықтары сақталады. Осыған байланысты кейбір адамдарда тұрақты жіктер, сондай-ак шеміршекті байланысудан басқа соған қосымша уақытша жіктер және синхондроздар кездеседі. Атап айтқанда, адамдардың 9,3%-ке жуық мандай (метоптика) жігі мұрын үстінде болады. Бас қаңқасының ми сауытымен козғалмалы байланысы тек астыңғы жақсүйекте ғана түзіледі.

Қазақ халқында жазба дерек болмаса да әлімсақтан бері жиналған бай тәжірибесіне сүйене отырып шаш қою дәстүрін ойлап тапқанына таң қалмасқа шара жоқ. Осы дәстүрдің озық ұлгісін шығыс халықтарының жазба деректеріне сүйене отырып түсіндіруді жөн көрдік. «Қазақ қазақ емес нағыз қазақ дөмбыра дегендей» – музыка аспабы адам тәнтану ілімінің бір жетістігі деуте болады. Дөмбыра шанағы адам басына, ал пернелері омыртқа жотасына, тиегі айдар қоятын аумағына сәйкес келеді [9; 10].



2-сурет



3-сурет
Қарақұс сүйегінің ішкі жағының көрінісі.

Бұл көрініс Египеттің «Мәңгілік өмір» символына сәйкес келеді [11]. Және бұл орталық Азия халықтарының «Күн құдайына» ұқсас. Шүйде аумағын айдар басып адамдарды апаттан сақтап тұрады. Бұл анатомиялық тұрғыдан бассүйек жігі, наным сенім жағынан *тотемдік* сипатқа ие [12].

Қазақ халқы сүйек жігі, **бассүйектің сүйектер байлланысының топтасу заңдылығына** және үнемі ат үстінде жүретіндіктен бас мига зақым, ми шайқалудан үнемі сақтану үшін шаш қойған. Оның бір дәлелі Жапонияның «Адам дөнесінде өмір және өлім нүктелері» атты кітабында: Дәстүрлі *Шаолин* әдістерінде (*Шаолинь цюань тянь сю*) [4, 7, 8] жалпы 108 нүктені төмендегідей жіктеген:

1. *Xou сю* - қатты ауыртатын нүктелер
2. *Xia сю* - жүйкені шайқалтып естен тандыратын нүктелер
3. *Ma сю* - лоқсытып құстыратын нүктелер
4. *Cizу сю* - аяқ-қолды жансыздандыратын нүктелер
5. *Шоу сю* - өлім нүктелері

Бастың **шашты** белгінде орналасқан нүктелер:

天頭 - *Tэн то* шеке, маңдай, самай үш сүйектің біріккен қылышында

орналасқан

天道 - *Tэн до* - Тэн то бірдей - айдар қоятын аумағы

夜面 - *Ямэн* - желкеде (шүйде) орналасқан


人中 - *Дзинтю* - маңдай шеке жігінде - кекіл қоятын аумағы

八葉 - *Xappa* - самайдада –тұлым қоятын аумағы

霞 - *Kасуми* - самай маңдай сүйек жігінде


ТҮРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

Осы нүктелерден тек баста орналасқан қазақтың *шаш қюю дәстүріне* сай келетін кейбір нүктелерді таңдадық.




4-сурет

Тән до, Тән то нүктесі өмірлік маңызы бар осы аумақта тиген жеңіл соққының өзі миды шайқап, естен таныш, теге тендігін жоғалтады [7].



5-сурет


Ямән нүктесін закымданса кіші ми, жұлынға кері әсер беріп барлық қозғалыс, дем алу жүйесі токтап өлімге душар етеді [6].



6-сурет

Касуми - нүктесіне тиген ең жеңіл соққы адамды естен тандырып, мига қан жетіспеушілігінен мүгедек болуы мүмкін [7].

Қ.Кұнанбай. Қазақ халқының шаш қою дәстүрінің...



Дзинто - өте сезімтал, бірден өлімге апаратын орталық жүйке жүйесіне әсер етіп бірден жүрек тоқтаپ, өлім қаупі туындаиды [6].




8-сурет

Ханпа – тепе-тендікті жойып, бірден естен тандыратын нүктес болып саналады


Бұл аталған бастағы нүктелер адам өмірін сақтайтын «Өмірлік нүктелер». Осы себепті шығыс халықтары, оның ішінде үнемі ат үстінде өмір сүрген қазақ халқы - өзінің өмірлік дала тәжірибесіне сүйене отырып, адам ағзасының қорғаныс құралы ретінде шаш қою дәстүріне назар аударған деуге толық негіз бар. Біз сөз соңында бізге өмір сүру салты үқсас тибет шаш қою ғұрпын ұсына кетуді жөн көрдік [3].

Тибет медицинасы бойынша бас пішінің жіктелуі




Бет әлпеттің бес негізгі пішіні: 1. Дөңгелек жұзді; 2. Уш бұрышты; 3. Трапеция тәрізді; 4. Квадрат тәрізді; 5. Тік бұрышты.

Тибет медицинасы бойынша шаш қою дәстүрі бастың пішініне қарай таңдалады. Төменде тибеттің шаш қоюы геометриялық фигуналарға теңеп жіктеумен қатар шаштың қуат (*Ци*) алу үрдісіне сай шаш қою сұлбасы (*Войдурья онбо* бойынша)



9-сурет



Қазіргі медицинадағы бастың негізгі үш пішіні.

1.Долихоцефальды, 2.Мезоцефальды, 3.Брахицефальды

Қазіргі медицинада бастың пішініне қарап шаш қою үрдісі тек естетикалық тұрғыдан ғана сипатталып, денсаулыққа байланысы толық зерттелмеген [11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы*. Шипагерлік баян. – Алматы, Жалын, 1996.
2. *Жандар Көрімбектің Ермакханы*. Тәнтанду адам анатомиясы -Алматы, Білім, 2004.
3. «Войдуря онбо» (тибет тілінде). Лхаса. 17 ғасыр.
4. *Мацуда Р.* Хидэн нихон дзюдзюцу (Тайная передача японского дзюдзюцу). – Токио, 1978.
5. *Тэрао М.* Корю дзюдзюцу (Техника дзюдзюцу старинных школ). -Токио: «Айрюдо», 1998.
6. *Фудзита С.* Кэмпо гоку саппо сацу каппомэйка (Объяснение методов убийства и реанимации, главнейших секретов кэмпо). - Токио, 1958.
7. *Хацуми М.* Хидэн Тогакурэрю нинпо (Тайная передача Тогакурэрю нинпо). - Токио: Цутия сётэн, 1991.
8. *Хираками Н.*, Корю дзюдзюцу сэнто рирон (Теория боевого применения техники дзюдзюцу старинных школ). - Токио, «Айрюдо», 1999
9. *Ахметсафин А. И.* О связи звукоряда со строением человека (на примере китайского звукоряда *Люй луй*) I Искусство, наука, техника — пути сопряжения: Тез. докл. к 4-му научно.-практич. семинар. Уфа, 1989.
10. *Ахметсафин А. Н.* Краниосакральная техника и китайская медицина// Мануальная терапия. 2003. № 9 (1).
11. Гиппократ. Избранные книги. М., 1936.
12. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы, «Қазақ энциклопедия» 1-9 том. 2001-2009.

REZUME

K.KUNANBAI (Turkistan) SCIENTIFIC BASIS OF THE KAZAKHS' HAIR GROWING

Hair is natural protection of human organism from external influence. In this article anatomic-biological basis of the Kazakhs' tradition as tulim, forelock, aydar and women's long hair growing is described.